

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

сөздерді ажырата алмай, алмастырып қолдануы мүмкін. Мысалы, 妈 (ана), 好(жақсы), 姐 (әпке), 妹(сіңілі) Әріптері.

Осы мәселені шешу үшін бірнеше тиімді жолдарын қарастырып көрелік. Бірінші, күнделікті тұрмыста көп қолданылатын сөздерді мағынасына, қолдану орнына, қолдану шартына қарай бөліп жаттау керек. Мысалы, түстер, сандар, тамақ аттары, транспорт түрлері сияқтыларға бөліп жаттау. Екінші, қытай тіліндегі иероглифтерді мағынасын қазақшаға аударып отырып, түсініп салыстыра жаттау керек, сонда ғана тез үйренуге, есте сақтауға болады. Үшінші, Қытай иероглифтерін есте сақтаумен қатар, оның мағынасына, формасына қарай салыстырып жаттау. Мысалы, “明” деген әріп күн (日) мен ай (月) деген екі әріптің қосылуы арқылы «жарық» деген бір сөзді білдіретін әріп келіп шыққан. Төртінші, күнделікті естіп, жазуға жаттығу керек. Әріптерді жаттаумен бірге, сөйлемдерді, тексттерді жаттап, сөздік қорды көбейту керек. Кейбір дыбысталуы ұқсас, алайда жазылуы ұқсамайтын сөздерді айыра білу. Бұл үшін, әрине, көп жаттығу керек. Сөйлемдерді аударып, жаттаумен бірге, өз бетінше сөйлем құрай білу керек. Сонымен қатар, өзімен бірге қытайша үйренетін студенттермен қытайша сөйлеп, пікір алмасып, диалог жүргізіп жаттығу керек.

Бұдан тыс, қытай тілін үйренушілер қытай тіліндегі сөйлем құрылымының орын тәртібін, ретін айыра алмайды, қытай тілінде бір иероглифтің бірнеше оқылуы болуы мүмкін, қытай тілін үйренушілер осы иероглифтердің оқылуын ажырата алмай, көп қиындықтар туындайды. Бұдан басқа да көп қиындықтар бар. Қорытып айтқанда, шетел тілін үйрену тек қана адамның қабілетіне ғана емес, оның психологиялық дайындығына да байланысты. Ал кез-келген шет тілін жақсы меңгеру үшін осы шет тілінде басқалармен көп сөйлесу өте маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ уикипедиясы» ғаламтор материалдары.
2. 曾伯荣,廖序东主编.现代汉语（上册）5 版,高等教育出版社.2011.6（2015.4 重印）P65-P67
3. 百度页面—汉字

ӨОЖ 81'373.611=811.581

ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ҚАРАТПА СӨЗДЕР

Бегманова Айман Талғатқызы

aiman.begmanova@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қытай филологиясы
кафедрасының оқытушысы, магистр

Қазіргі таңда әрбір халықтың сөздік қатынастағы ерекшеліктері көптеген ғалымдардың назарында. Соңғы жылдарда тіларалық және мәдениетаралық қатынастардың ұлғаюына байланысты, тілі мен мәдениеті ұқсамайтын адамдардың арасындағы байланыс кезінде туындайтын кейбір мәселелерді тереңірек зерттеу қажеттілігі туып отыр.

Белгілі бір елдің тілінде жақсы сөйлей тұра, бірақ сол елдің сөйлеу мәдениетінің ұлттық дәстүрлерін, сөйлеу әдебін, әр түрлі әлеуметтік топтардағы қарым-қатынас ережелерін білмесе, ол сөйлеушінің көздеген мақсатына жетуінің кепілі бола алмайды.

Өмірдің түрлі салаларында бір-бірімен қарым-қатынас жасауда адамдар бір-бірін қалай атауы керек жөнінде әр халықтың өзінің сыпайылық әдеп нормалары болады. Әрбір ұлттың сыпайылық әдеп нормаларын сол ұлттың қаратпа сөздерді қолдануынан байқауға болады. Қаратпа сөздерді қолдану сөйлеу әдебінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі Қытай халқының сөйлеу этикеті олардың ұлттық рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі. Қаратпа сөздер қоғамдағы өзара байланыстарды реттеу және адамдар арасында байланыс

орнату құралы. Қаратпа сөзді қолдану арқылы сөйлеуші адресатқа белгілі бір роль мен қарым-қатынас түрін ұсынады. Қытай тілінің қаратпа сөздер жүйесі мол әрі күрделі болып келеді. Олар сонау ежелгі заманнан бастау алады. Қытайдағы тұлғааралық қарым-қатынаста қаратпа сөздердың қолданылуы сөйлесушілердің мәртебесіне, олардың арасындағы қарым-қатынас сипатына, адамдардың өзара жақындық дәрежесіне, жасына, жынысына байланысты. Әке мен баланың арасындағы қарым-қатынас, борыштылық сезімі, әмірші мен қара халықтың арасындағы қарым-қатынас, үлкен мен кіші арасындағы қарым-қатынас тәртібі, достар арасындағы сенім – осы қарым-қатынастарға Қытайда өте үлкен мән беріледі. Қытай тіліндегі қаратпа сөздер жүйесі өте үлкен сөздер мен формулалар жиынтығынан тұрады. Қытай тілінде қаратпа сөздерге жалқы есімдер (адамның аты-жөні), туыстық қатынасты білдіретін атаулар, арнайы реттеуші сөздер, есімдіктер, қызмет лауазымы мен атақты, әлеуметтік мәртебені білдіретін сөздер және солардан құралған формулалар жатады. [1, 31].

Жалқы есімдер, яғни адамның аты немесе фамилиясы қытай тілінде жиі кездесетін қаратпа сөздердың бірі болып табылады. Егер адресаттың фамилиясы бір ғана иероглифтен тұратын болса, онда аталған тұлғаға қаратпаның мынадай түрі қолданылады: фамилияның алдына 老(lao-қария) немесе 小(xiao-кішкентай) қосымша сөз қойылады. Мысалы, (lao, xiao)+фамилия: lao Wang (Лao Baң). Мында 老(lao) жасы үлкен адамдарға қаратып қолданылса, 小(xiao) керісінше жасы кіші адамдарға қаратып айтылады. Сондай-ақ, зиялы қауым арасында тек 小(xiao) қолданылса, 老(lao) әдетте қызмет көрсету саласында, кәсіпорындарда жұмыс жасайтын жұмысшылар арасында қолданылады. Көк жағалы жұмысшылар 老(lao) қосымшасын тек өзара қатынаста қолданады. Бұл жағдайда «lao» адресаттың жасы үлкендігін меңземейді. Біраз жыл көріспеген достар бір-бірімен кездескенде де осы lao+фамилия формуласын қолданады.

Ер адамдарға қаратып қолданылатын қаратпа сөздердің бірі 先生(xiansheng- мырза). 1949 жылға дейін, яғни ҚХР құрылғанға дейін бұл сөзді таныс емес қарт адамдарға қаратып айтатын.[2,47]. Бұл сөзді адамның қоғамдағы жоғары мәртебесін ескеру үшін қолданған. Ал таныс емес адамның қоғамдағы жоғары мәртебесі оның киген киіміне қарап білінетін болған, өйткені ол кездегі киімдерге қарап адамдардың таптық айырмашылықтарын білуге болатын. Кәдімгі қара жұмыспен айналысатын адамдарға олардың істейтін жұмыстарының атауын қаратпа сөз ретінде қолданған. 先生(xiansheng- мырза) сөзі қазіргі қытай тілінде күнделікті және ресми қарым –қатынаста әлі де қолданылады. Әйелдерге қаратпа ретінде 女士(nv shi – ханым) сөзі қолданылады.

Бірге жұмыс жасайтын әріптестерге қаратып айтылатын қаратпа сөздерде қызметкерлердің жұмыстағы лауазымдары қоса аталады. Ондай қаратпа сөздерде кіші лауазымды қызметкердің үлкен лауазымды қызметкерге деген құрметі білінеді. Кәсіпорындағы жоғары басшылыққа 总经理(zong jing li) директор, 副总经理(zong jing li) директордың орынбасары, 董事长(dongshizhang) басқарма төрағасы. Корпоративтік сөйлеу әдебінде мынадай қаратпа сөздердің түрлері қолданылады:

1) қызметкердің тек лауазымы аталады, мысалы jing li,

2) қызметкердің фамилиясы мен лауазымы аталады, мысалы, Zhang jingli- Директор Жаң, Chen laoshi – Чен мұғалім, Li jiaoshou – Ли профессор, Wang lvshi – Ваң заңгер және т.б.

3) қызметкердің фамилиясы, аты және лауазымы аталады. Қызметкерлер арасындағы қаратпа сөздің үшінші түрі ресми тілде, жиналыстар мен конференцияларда ғана қолданылады. Өртүрлі мамандық топтары арасында қаратпа сөздерді қолданудың өз ережелері бар. Мысалы, жоғарғы оқу орындарында мұғалімдердің ғылыми атағына, дәрежесіне қарай өздерінің қаратпа сөздері болады. Сөйлеу әдебінің нормаларына сәйкес, Қытайда лауазымы кіші қызметкерлерге қаратып айтатын сөздерге олардың лауазымын қоса айтуға болмайды. Лауазымы үлкен қызметкерлерге керісінше атағын қоса айту керек.

Мысалы, фамилия+лауазым: 教授(jiaoshou) профессор, 副教授(fujiaoshou) доцент, 硕士(shuoshi) магистр, 博士(boshi) ғылым кандидаты, 博士后(boshihou) ғылым докторы. Мектепте, жоғары оқу орнында оқушылар әдетте өздерінің мұғалімдеріне фамилия+老师(laoshi-мұғалім) моделіне сай келетін қарату сөзін қолданады, мысалы мұғалімнің фамилиясы 李(Li) болса, онда 李老师(Li laoshi) болады. Ауруханаларда дәрігерлерге фамилиясына 大夫(daifu-дәрігер) сөзін немесе 医生(yisheng-дәрігер), яғни қызмет атауын қосып айтады, мысалы 王大夫(Wang daifu), 李医生(Li yisheng). Медбикелерге қаратып айтылатын сөздер фамилиясына 护士(hushi-медбике) сөзі қосылады: 郭护士(Guo hushi). Осындай орта деңгейдегі медицина қызметкерлері болып жұмыс жасайтын ер адамдарға да қаратпа сөз ретінде жоғарыда аталған 护士(hushi) сөзін қолданады. Заң саласындағы қызметкерлеріне қаратып айтылатын сөздер қызметкердің фамилиясына мамандығының атауы сөзі қосып айтылады: фамилия + 律师(lv shi-заңгер) Yang lv shi; фамилия + 检察官(jianchaguan), Wang jianchaguan; Кейбір қаратпа сөздер адамның нақты фамилиясын атамай, мырза+лауазым атауы: 法官先生(faguan xiansheng) – сот мырза т.б.

Есімдіктер, солардың ішінде өзіндік есімдіктер – қай тілдің болмасын сөйлеу әдебіне тікелей қатысты. Қытай тілінде есімдік сөздерден құралған қаратпа сөздерді қолдануда адресаттың жасына, қоғамдағы орнына, сөйлесіп отырған жағдайға, әңгімелесушілердің жақындық деңгейіне байланысты өз ережелері бар. «Сіз» есімдігі тек ресми коммуникация кезінде ғана қолданылады. Күнделікті өзара байланысуда бейтаныс адамдарға «Сен» қаратпа сөзі қолданыла береді. Қазақ тілінің сөйлеу әдебімен салыстырғанда, қытай тілінде «сен» деп қаратып айту дәрежелік болып саналмайды. Алайда жасы үлкен адамдарға «сіз» деп сөйлеген сыпайылықтың белгісі болып табылады. Егер адресаттың жасы белгісіз болса, онда оған 先生(xiansheng-мырза) деп сөйлеу керек. Бұл қаратпа сөз адресаттың жасына ешқандай да байланысы жоқ. Ал 大叔(dashu -ағай), 大哥(dage- аға) деген қаратпа сөздер адресаттың жасының үлкендігін меңзейді. Бұл екі қаратпа сөз де ер адамдардың барлығына бірдей қолданыла береді, және бұл қаратпа сөздерді ерлер жақсы қабылдайды. Ауызекі тілде жастар үлкен әйелдерге 大妈(da ma - апай), ерлерге 大叔(dashu - аға) сөздерін қаратып айтады. Жасы үлкен адамдар жас қыздарға 姑娘(gu niang - қыз), жас жігіттерге 小伙子(xiao huo zi - жігіт) қаратпа сөздерін қолданады.

Қытай тілінде туыстық қарым-қатынастан туындаған қаратпа сөздердің түрлері өте көп, әрі олардың өз ерекшеліктері бар. Ең алдымен ата-анаға қаратып айтылатын сөздерге тоқталатын болсақ, қытай тілінде ана 妈妈(mama) және әке 爸爸(baba) сөздеріне қосымша 老(lao) сөзі қосып айтылады. 老(lao) қосымша сөзі бұл жерде ата-анаға деген құрметті білдіреді. Қытай отбасында әрбір отбасы мүшесінің өз атауы, сәйкесінше қаратпа сөзі бар. Мысалы, әпке - 姐姐(jiejie), сіңлі немесе қарындас – 妹妹(meimei), аға - 哥哥(gege), іні – 弟弟(didi) сияқты қаратпа сөздер қолданылады. Қытай тіліндегі кейбір туыстық қаратпа сөздер туыс емес адамдарға да қарасты жиі айтылады. Мысалы, 伯母(bomu – апай) сөзі әке жағынан туыс болып келетін апайына қаратып айтылатын сөз, бұл сөз сонымен қатар, анасымен жасты кез келген әйелге қаратып айтыла да береді. 阿姨(aui) – туыс апайына және бейтаныс апайға да қаратып қолданылады, 姨母(yi mu) – анасы жағынан туыс болып келетін апайына қаратып айтылады. 姑妈(guma) – әкесі жағынан туыс болып келетін апайына арнап айтылатын қаратпа, 伯父(bo fu) – әкесі жағынан туыс болып келетін ағайына қаратып айтылады, 叔叔(shu shu) – орта жастағы туыс ағайға және бейтаныс адамдарға қаратып қолданылады. Ата мен әжелерге арналған қаратпа сөздерге келетін болсақ: 爷爷(ye ye) - өз атасын осылай атайды, нағашы атасына 老爷(lao ye) деп, ал нағашы әжесін 姥姥, өз әжесін - 奶奶(nai nai) деп атайды.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан көретініміз, қытай тіліндегі туыстық атаулар сыпайылық белгісі ретінде қаратпа болып бейтаныс адамдарға да қолданыла береді. [3;98]

Сөйлеу әдебі қытай халқының дәстүрлі рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Әдеп пен салт-дәстүр қытай халқының жалпы мәдениет туралы, соның ішінде сөйлеу мәдениеті туралы конфуцийлік және дәстүрлі ілімдерінің негізі. Қытайдың сөйлеу әдебі мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан әлеуметтік иерархияға негізделген. Осы сөйлеу әдебінің ең айқын белгісі ретінде қаратпа сөздер қытай тілінде ежелгі заманнан бастау алады. Қытай тілінің қаратпа сөздерінің көп бөлігін туыстық және қоғамдық қатынастарда қолданылатын қаратпа сөздер құрайды. Қытайда қаратпа сөздер адамдарды жасына, қоғамдағы орнына, қызметтегі лауазымына қарай бөлуге бейім келеді. Тілдің мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, қаратпа сөздерді дұрыс қолдана білу арқылы адам адресаттың сөйлеушіге деген ойын, қарым-қатынасын жақсартуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Обращения в речевом этикете современных китайцев // Актуальные проблемы китайского языкознания: Материалы VII Всероссийской конференции по китайскому языкознанию. - М.: Институт языкознания РАН, 1994. - С. 87-91.
2. Китайская философия: Энциклопедический словарь. М.: Мысль, 1994. 573 с.
3. Zhang, Yanyin. Indirectness in Chinese requesting/ Yanyin Zhang// In G. kasper (ed.), Pragmatics of Chinese as Native and Target Language. Hawaii: University of Hawaii, SLTC, 1995.

ӘОЖ 28(510)

ҚЫТАЙДАҒЫ ИСЛАМ ДІНІ

Берікбаева Ақбөбек Саттығұлқызы

Akbobek9696@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қытай филологиясы мамандығының студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Шәріпхан М.

Дін дегеніміз не? Ол қалай және қашан пайда болды? Оның мазмұн-мағынасы қандай? Дін арқылы адам қалай өмір сүреді және өмір жолындағы кезіккен қиындықтармен күресуге дін қандай рөл атқарады? Бұндай сұрақтар өте жиі кездеседі. [1, 6]

Дін дегеніміз – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы–Құдайға сенімі. Ислам философиясының түсіндіруінше, дін дегеніміз – әлемді байланыстыратын күш; Алланың барлығына сенім. Ислам тұжырымдамасы бойынша, рухани жетілу сатысының бірінші деңгейінде тұрған адамның алғашқы махаббаты, таза құлшылығы, қорқынышы Аллаға арналады [2].

Ислам діні–үш әлемдік діндердің ішінде ең жасы әрі соңғы дін болып саналады. Ислам VII ғасырда Арабия түбегінде пайда болды. Бұл кезде мұнда ежелгі таптық мемлекеттердің құлауы, транзиттік сауданың, дәстүрлі қоғамдық байланыстардың құлдырауы, көшпенділер мен отырықшы тайпалар арасында шиеленістің артуы сияқты объективті алғышарттар өрістей бастады. Осы барлық жағдай мұсылман халқының қалыптасуына әсер етті [3].

2015 жылғы әлеуметтік зерттеулерге сүйене отырып, Ислам Қытай жастарының арасындағы кең таралаған дін болып табылады. Зерттеулердің қорытындысы бойынша 30 жасқа дейінгі қытай азаматтарының 22,4% ислам дінін ұстанады, ал 22% католик дініне бет бұрады, ал жартысынан көбі, яғни 30 жастан жоғары қытай азаматтары буддизм немесе даосизм дінін қабылдаған.

Қытай тарихшыларының пайымдауынша, Ислам діні Қытайдың Таң дәуірінен бастау алған. Шамамен 651 жылдан 798 аралығында Араб және Парсы елшілері Қытайға 39 рет іскерлік жұмыспен келген болатын. Осы аралықта Қытай-Араб елдерінің үкіметінде және қоғамда достық қарым-қатынастар күшейе түсті. Ислам діні Қытайға Жібек Жолы арқылы